



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

Нұр-Сұлтан қаласы

№ \_\_\_\_\_  
город Нур-Султан

№ 314 от 25.04.2022

**«Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина университеті»  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының жарғысына өзгеріс пен  
толықтырулар енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жарғысының 42-тармағының 1) тармақшасына, 45-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2022 жылғы 8 сәуірдегі № КГИП-03-КГ/2211 хатының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін.

2. Қоғамның Басқарма төрағасы-ректорының міндетін атқарушысына осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген Қоғам Жарғысына енгізілетін өзгеріс пен толықтыруларға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы-ректорының міндетін атқарушысы осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Министр**

**А. Ғиният**

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2022 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_  
бұйрығына қосымша

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысына өзгеріс пен  
толықтырулар**

Жарғының 42-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) Республикалық комиссияның шешімі негізінде Қоғамның Басқарма төрағасы-ректорын сайлау (тағайындау), оның өкілеттігін айқындау және мерзімінен бұрын тоқтату;».

Жарғының 42-тармағы мынадай мазмұндағы б-1) тармақшамен толықтырылсын:

«б-1) Басқарма төрағасы-ректорды іріктеу және тағайындау тәртібі;».

Жарғының 64-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) Комплаенс-офицерді тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, оған тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау, университеттің комплаенс-офицері туралы ережені бекіту;».

**Басқарма төрағасы-ректордың  
міндетін атқарушы**

**Э. Исмағұлова**